


Қазақстан Республикасының Оқу - ағарту министрлігі
БҚОӘББ «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» МКҚК

Бекітемін
Орал «Сервис» технологиялық
колледжі басшысы

А.Б.Искалиева

« 30 » 12 2022 ж.



«ОРАЛ «СЕРВИС» ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКҚК-НЫҢ
МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ АЛДЫНДА
ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША
ЕСЕБІ

Орал қаласы, 2022 ж.

МАЗМҰНЫ

Мазмұны	Беттер
Кіріспе	3
Орал «Сервис» технологиялық колледжінің мемлекеттік аттестаттау алдында өзіндік бағалау қорытындылары бойынша есебі	4
1. Орал «Сервис» технологиялық колледжінің жалпы сипаттамасы	4
2. Кадрлық құрамға талдау	10
3. Білім алушылар контингенті	79
4. Оқу-әдістемелік жұмыс	95
5. Оқу материалдық активтер	120
6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор	128
7. Білім алушылардың білімін бағалау	134
8. Білім беру процесіне қатысушылардың және басқа респонденттердің сауалнамасы	141
9. Кемшіліктер мен ескертулер, оларды шешу жолдары	188
10. Қорытындылар мен ұсыныстар	189

Қосымшалар

- 1-қосымша: Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер
- 2-қосымша: Күндізгі, кешкі, сырттай бөлімдер, экстернат бойынша оқу жылына арналған оқу нысандары мен тілдері бойынша білім алушылар контингенті туралы мәліметтер (бөлгішінде мемлекеттік тілде білім алушылар көрсетілсін)
- 3-қосымша: Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы, оның ішінде компьютерлердің болуы, оқу зертханаларының, оқу пәндік кабинеттерінің және оқытудың техникалық құралдарының болуы туралы мәліметтер
- 4-қосымша: Оқу, көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер

КІРІСПЕ

Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының техникалық және кәсіптік, ортадан кейінгі білім беру ұйымдарын аттестаттау кестесіне сәйкес колледжде мемлекеттік аттестаттау алдында өзіндік бағалау жүргізілді.

Өзіндік бағалаудың мақсаты колледжде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың тиімділігін анықтау және ресурстарды тиімді ұйымдастыру мақсатында объективті талдау және өзіндік бағалау.

Міндеттері:

- колледжде оқу, тәрбие, әдістемелік жұмыстардың жай-күйін, кадрлық әлеуетін, материалдық-техникалық база, ақпараттық ресурстар мен кітапхана қорын талдау жасау;
- колледждің оқу бағдарламал арын мемлекеттік жалпы білім стандарттарына сәйкес жүзеге асыру талдау жасау;
- колледжді мемлекеттік аттестаттауға дайындау.

Өзіндік бағалау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының және білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау Ережесіне сәйкес, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығына сәйкес жүргізілді.

Өзіндік бағалау қорытындылары колледждің педагогикалық кеңесінде (хаттама №5, 30.12.2022ж.) және Қамқоршылық Кеңестің отырысында (хаттама №2, 30.12.2022ж.) талқыланды

ОРАЛ «СЕРВИС» ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АТТЕСТАТТАУ АЛДЫНДА ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

1. ОРАЛ «СЕРВИС» ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасының «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны – Батыс Қазақстан облысындағы қызмет көрсету саласы үшін мамандар даярлайтын оқу орындарының бірі. Қызмет көрсету саласының білікті мамандарға деген қажеттіліктері мен қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып, колледж қазіргі қоғамның еңбек нарығында өзінің мәртебесін, өзектілігі мен бәсекеге қабілеттілігін дәлелдеді.

Колледж тарихы ҚазақССР-інде тоқыма өнеркәсібі мен қызмет көрсету саласының өркендеуінен басталады. Осы жылдары республиканың Батыс Қазақстан облысында қызмет көрсету саласы мен коммуналдық қызметтер үшін жаңа жас кадрларды даярлау қажеттілігі туындады. Үй шаруашылықтары, тұтынушылар үйлері, ательелер, шаштараздар және басқа да қала тұрғындары және ауылдық жерлерде де қызмет көрсету үшін мамандар қажет болды.

1690 жылы 15 тамызда облыста БҚО кәсіптік білім беру бөлімінің №54 шешімімен №12 қолөнер мектебі құрылды, ол халыққа қызмет көрсету саласында білікті кадрлар – тігіншілер, кескіштер, шаштараздар, фотограф дайындайтын мемлекеттік оқу орны болды.

60 жылдық тарихында колледж мәртебесін бірнеше рет өзгертті, бірақ көлемі мен мақсаты өзгеріссіз қалды – қызмет көрсету саласы үшін кадрлар даярлау:

- Кәсіптік білім бөлімінің №135 бұйрығымен №12 кәсіптік – техникалық училище №122 қалалық кәсіптік-техникалық училищесі болып өзгертілді;

- Кәсіптік білім бөлімінің №151 бұйрығымен 01.11.1976ж. бастап №25 техникалық училищеге;

- Облыстық білім басқармасының №131 бұйрығымен 1985ж. 31.08. №2 орта кәсіптік лицейіне;

- Облыстық әкімшіліктің 30.11.1992 жылғы №50 бұйрығымен «Қыз-Жібек» оқу-өндірістік фирмасына;

- Облыстық білім басқармасының 25.04.1995 жылғы №77 бұйрығымен №2 Жоғары кәсіптік-техникалық мектепке;

- Облыстық білім басқармасының 05.12.1996 жылғы №443 бұйрығымен №2 кәсіптік лицейге;

- Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 1999 жылғы 14 қаңтардағы №173 қаулысы негізінде №2 кәсіптік лицейге;

- Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2012 жылғы 14 ақпандағы №32 қаулысы негізінде №2 КЛ «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны болып өзгертілді.

Орал «Сервис» технологиялық колледжі өзінің 62 жыл ішінде 30 мыңнан астам жоғары білікті мамандарды дайындады. Бүгінгі таңда біздің түлектер еліміздің әр түкпірінде және жақын мен алыс шетелдерде жұмыс істейді: И.Захарова Бад-Ольдесио қаласында (Германия) сәндік-қолданбалы өнер өндірісімен айналысады, Петерсон Е. Варна қаласында (Болгария) тігін фабрикасында жұмыс істейді, С.Лобикованың Ганновер қаласында (Германия) өзінің тігін шеберханасы бар, Заживихина С., Шепель Е.- Мәскеу қаласында үлгілеуші-пішушілер, А.Большекова Отрадный қаласының (Ресей) ательесінде

тігінші, Шугарт Т. Минск қаласының ательесінде тігінші, А. Таймановтың Алматыда ерлер киімін тігетін өзінің ательесі бар, А. Пактың Бішкек қаласында (Қырғыстан) шағын тігін цехы бар, Р.Мамедов Оралда аяқ киім тігу шебері, 2020 жылғы 8 түлек Оралдағы «Галактика» мейрамханасында жұмысқа орналасты. Колледждің бұрынғы 35 түлегі: Жиналеева Д.С., Лукашова И.Г., Брашева Г.С., Егорова О.Г., Гумирова А.Е. және басқалары осы колледжде жұмыс жасайды.

Колледжде студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін 1993 жылы «Сән театры» эксперименталды зертханасы құрылған. «Сән театры» «Көктем айнасындағы сән», «Сән лабиринттері» халықаралық байқауларының, бірнеше дүркін жеңімпазы болды. 2020-2022 жылдары 5 жаңа коллекция тігілді. 2021 жылы колледж І Ұлттық «Нью-фольклор» стиліндегі киім дизайнерлері байқауына қатысып, «Колледж туралы үздік видео» номинациясын және 51 қатысушы ішінен 12 үздікке енді. Қазір коллекцияда 400-ден астам моделі бар.

Колледж «Үздік кәсіптік мектеп (лицей)» байқауында 2000, 2006 жылдары облыстық кезеңде 1 – орынды, ал республикалық кезеңде 3- орынды иеленді. 2017 жылы колледж ТЖКБ оқу орындары арасында өткен «Үздік колледж - 2017» облыстық байқауда үшінші орынға ие болды. 2021 жылы «Жетістіктер дефилесі» облыстық байқауында 3-орын иеленді.

Колледж оқытушылары - WorldSkills Kazakhstan чемпионатының эксперттері, ал студенттері аймақтық, республикалық WorldSkills Kazakhstan чемпионатының «Шаштапараз өнері және сәндік косметика», «Кондитер ісі», «Аспаз ісі», «Сән технологиясы» құзыреттіліктері жүлдегерлері. 2019 жылы түлек Карабалина Гульфат «WorldSkills Kazakhstan - 2019» V Ұлттық Чемпионатында «Сән технологиялары» құзыреті бойынша І-орынды, Ташкенттегі Өзбекстанның І-ші ашық чемпионатында 3-ші орынды иеленген.

Колледж мемлекеттік аттестаттаудан 2000, 2005, 2010 жылдары өткізілді. Колледждің соңғы аттестациясы 2016 жылы өткізілді (Білім саласындағы бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша білім беру саласындағы бақылау департаментінің 2016 жылғы 28 наурыздағы №103 бұйрығы).

2020 жылдың желтоқсан айында колледж Тәуелсіз қазақстандық орталықтан Институционалды аккредиттеуден өтіп, 18.01.2021 ж. - 07.01.2026 ж. мерзіміне сертификат иеленді.

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі Білім басқармасының «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ұйымдастыру - құқықтық үлгісіндегі Заңды тұлға болып табылады. Колледжге қатысты коммуналдық меншік құқығының субъектісі қызметін (колледждің құрылтайшысы) Батыс Қазақстан облысы әкімдігі іске асырады. Колледждің Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының 2012 жылдың 26 шілдедегі №526 бұйрығымен Жарғысы бекітілді. Колледжге «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының БҚО бойынша филиалының Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және заңды тұлғаларды тіркеу бөлімінің 2012 жылғы 16 тамызда берген Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы №422-1926-01-ГП куәлігі қызметті құрылтай құжаттарға сәйкес ҚР Заңдары шеңберінде жүзеге асыру құқығын береді. Оқу мемлекет бюджеті есебінен күндізгі оқу түрінде және ақылы түрде жүргізіледі.

Колледждің инженерлік - педагогикалық ұжымы оқу-тәрбие процесінің жоғары тиімділігін, еңбек нарығына қажетті, құзыретті, білікті жұмысшы мамандарын дайындауды көздеп, барлық жұмыстардың сапалық деңгейін арттыруда еңбек етуде «Жаңа әлемдегі Қазақстан Республикасының экономикасы мен өндірістік әлеуетінің деңгейін арттыра алатын, жоғары деңгейде теориялық және практикалық дағдылары бар, жеке сапаларға ие, бәсекеге қаблетті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандар даярлау» бағытындағы

колледждің миссиясын, «Жаңа педагогикалық және ақпараттық технологиялардың интеграциясы арқылы кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру» әдістемелік тақырыбын басшылыққа алып, жұмыстанады.

Қазіргі таңда колледж нарық сұранысына ие кестеде көрсетілгендей мамандықтар бойынша қызмет көрсету және сервис саласындағы жұмысшы және орта буын мамандарын даярлайды. Колледжде білім беру екі тілде (орыс және мемлекеттік) жүзеге асырылады. Колледжде бүгінгі таңда 9 біліктілік бойынша 35 топ, 685 (01.01.2023ж.) студент білім алуда.

Колледжде ашылған барлық мамандықтар өңір тұрғындарының сұранысын қанағаттандыратын мамандықтар болып табылады.

Колледждің төмендегідей жарғылық құжаттары бар:

- Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №422-1926-01-ГП 2012 жылғы 16 тамыз;

- Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының 26.07.2012ж. №526 бұйрығымен бекітілген Жарғысы;

- Медициналық қызмет көрсетуге рұқсат ететін Батыс Қазақстан облысының әкімшілігі, Батыс Қазақстан облысы Денсаулық сақтау басқармасының №00796DL лицензиясы; номер 21.11.2012 ж.

- БИН 930240000119

Колледж техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы білім беру қызметіне 2013 жылғы 3 ақпандағы №13003158 лицензиясы негізінде орта буын мамандарын және жұмысшы кадрларды дайындайды. Мамандарды дайындау мемлекеттік лицензияға қосымша 2021 жылы 13 сәуірде өзгертіліп, төмендегі мамандықтар бойынша жүзеге асырылады:

Коды	Мамандығы	Біліктілігі
07230100	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	
3W07230101		Тігінші
3W07230102		Арнайы тігінші
3W07230105		Модельер-пішуші
4S07230106		Модельер-конструктор
4S07230107		Техник-технолог
10120100	Шаштараз өнері	
3W10120101		Шаштараз стилисті
4S10120102		Суретші-модельер
10130300	Тамақтандыруды ұйымдастыру	
3W10130302		Аспазшы
4S10130303		Технолог

Білім беру күндізгі бөлімде екі тілде (орыс және мемлекеттік) және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік және ақылы негізде жүзеге асырылады.

01.01.2023 жылға есептегенде колледж студенттерінің саны – 685, соның ішінде мемлекеттік тілде білім алатыны – 328. Ағымдағы, яғни 2022-2023 оқу жылына барлығы 246 талапкер оқуға қабылданды, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша 182, оның 96-ы мемлекеттік тілде білім алады.

Колледждің инфрақұрылымы типтік кешен болып табылады, онда жатақхана, оқу және қоғамдық-коммуналдық ғимараты орналасқан. Колледждің оқу-әдістемелік базасы талаптарға сай, 14 оқу-өндірістік шеберханасы, 29 оқу кабинеті, оқу студиясы, оқу кафесі, 6 оқу зертханалары, медициналық кешен, 300 орындық жатақхана, акт және спорт залдары, 50 орындық кітапхана мен электронды оқу залы, 120 орындық асханадан тұрады. «Жас маман» бағдарламасы бойынша «Тігінші», «Аспаз» кәсіптері бойынша 165 млн 63 мың 584 теңгеге

құрал-жабдықтар сатып алды. 3 оқу кабинеті мен 6 шеберханаларына құрал-жабдықтар орнатылды. «Қызмет көрсету» саласы бойынша құзыреттілік орталығы ашылды. Колледждің оқу ғимараты мен шеберханалары интернетке толық қосылған. Компьютерлік кабинет - 2, 3д трибунамен жабдықталған бөлмелер-1, интерактивті тақтасы бар аудиториялар-16 және сенсорлық панельмен -3. Барлық компьютерлер саны – 114. Пандемияға байланысты қашықтықтан оқытуға көшу барысында колледждің оқу-тәрбие үрдісіне College Smart Nation білім беру порталы енгізілген. Колледждің кітапханасының кітап қорында бүгінде 47 029 дана кітап бар, ал электрондық оқулықтардың саны – 720.

Колледжде әр мамандыққа арналып, соңғы үлгідегі жабдықтармен қамтамасыз етілген оқу шеберханалары мен лабораториялары жұмыс жасайды. Өндірістік оқыту сабақтары колледждің шеберханаларында өтеді. Оқу, технологиялық және кәсіби практикадан білім алушылар келісім шарттар негізінде қала және облыс кәсіпорындарында өтеді.

Колледж өз қызметін ҚР нормативті және құқықтық актілер, колледж Жарғысына, Колледж Ережесіне, колледждің педагогикалық Кеңес шешімдеріне және колледж директоры мен облыстық білім беру басқармасы басшысың бұйрықтарына сәйкес ұйымдастырады:

а) «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» МКҚК-нің Жарғысының көшірмесі (екі тілде: қазақша және орысша);

ә) «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» МКҚК заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігі;

б) «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» МКҚК білім берумен айналысуға берілген мерзімі шектелмеген мемлекеттік лицензиясы;

в) Мемлекеттік лицензияға қосымшалар;

г) Колледж ережесі.

Колледж өз жұмысында сапалы мамандарды дайындауда көпжылдық тәжірибесіне сүйенеді.

Колледждің миссиясы – Жаңа әлемдегі Қазақстан Республикасының экономикасы мен өндірістік әлеуетінің деңгейін арттыра алатын, жоғары деңгейде теориялық және практикалық дағдылары бар, жеке сапаларға ие, бәсекеге қаблетті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандар даярлау.

Колледж миссиясы колледждің жұмыс жасау принципі негізінде оның статусын анықтап, нәтижеге бағытталған.

Колледждің ұстанымы: Жаңа инновациялық технологияларды енгізу арқылы қызмет көрсету саласында сұранысқа ие жоғары білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарын даярлайтын алдыңғы қатарлы практикаға бағытталған колледж атану.

Колледждің басшылық органы болып педагогикалық кеңес есептеледі. Колледж әкімшілігі құрамына директор, директор орынбасарлары, әдіскер және ПЦК төрағалары кіреді. ПЦК төрағалары педагогикалық кеңес шешімі негізінде директор бұйрығымен тағайындалады. Колледжде арнайы пәндер оқытушылары және өндірістік оқыту шеберлерінің әдістемелік бірлестігі және жалпы білім беру пәндерінің циклдік-әдістемелік бірлестігі бойынша 7 пәндік-циклдік комиссия жұмыс жасайды.

«Орал «Сервис» технологиялық колледжі» МКҚК-да іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізіледі. Барлық «Іс қағаздар номенклатурасы» мемлекеттік тілде рәсімделінген. Колледждің жұмыс құжаттары мемлекеттік және ресми тілде жүргізіледі. Сабақ кестесі, журналдар мен қызметтік жазбалар екі тілде жасалады.

Колледжде білім алушылар жан-жақты терең білім алу үшін техникалық құралдармен жабдықталған дәрісханалар, компьютерлік кластар, бай кітапхана қоры мен оқу залдары, аудиовизуалдық техника, интернет залдары пайдаланылады.

Өндірістік практика мекемелер мен колледж арасында жасалған келісім шарт негізінде ұйымдастырылады. Колледжге оқуға қабылдау ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

Колледждің 2021-2026 жылдарға арналған Стратегиялық даму бағдарламасы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы (2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрықпен өзгерістер) талаптарына сәйкес 2022-2023 оқу жылына арналған кешенді жұмыс жоспары жасалды.

Колледждің құрылымдық бөлімшелеріне Педагогикалық Кеңес, құқықбұзушылықтың алдын алу Кеңесі, Қамқоршылық кеңесі, әдістемелік бірлестіктер кіреді. Құрылымдық бөлімшелердің жұмыс ережелері жасалынды. Колледж директоры бекіткен барлық лауазымдық нұсқаулықтар бар.

Колледж жанынан құрылған **Индустриалдық кеңес** 28 жұмыс берушіден тұрады. **Шефтік басқару** туралы «Диана» Орал тігін фабрикасы» ЖШС-пен келісімге отырған.

Колледждің толық атауы: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі Білім басқармасының «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Қазақ тілінде: Колледждің толық атауы: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі Білім басқармасының «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Орыс тілінде –Государственное коммунальное казенное предприятие «Уральский технологический колледж «Сервис» Управления образования акимата Западно – Казахстанской области.

Колледждің орналасқан мекен - жайы:

Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Циолковский көшесі, 2Б.

Электрондық поштасы: pl2zko@mail.ru

Телефоны: 8 (7112) 233147

Толық атауы:	Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасының «Орал «Сервис» технологиялық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Меншік түрі (мемлекеттік, мемлекеттік емес):	Мемлекеттік
Орналасқан жері (облыс, қала, аудан, көше):	Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Циолковский көшесі, 2Б.
Құрылған жылы:	1960 ж.
Сыйымдылығы (колледж неше адамға есептелген):	480 адам
Ғимарат түрі	Типтік кешен: 4 қабатты оқу ғимараты, 4 қабатты жатақхана, 2 қабатты тұрмыстық ғимарат
Жер телімі	1,86 га+0,1988 га
Жалпы ауданы	13118,4 м ²
Материалдық-техникалық базасы	Оқу кабинеті – 29; оқу- өндірістік шеберхана – 14; оқу лабораториясы -6; акт залы – 1; асхана – 1; спорт залы – 1; медициналық бөлме – 1 (қабылдау, екпе); әлеуметтік педагог бөлмесі – 1; кітапхана – 1; көлік – 1 (Шевроле Лажетти)
Жарғы	Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының 26.07.2012ж. №526 бұйрығымен бекітілген
БИН мемлекеттік тіркелгендігі	930240000119

туралы куәлік:	
Директор (аты – жөні, толық), диплом бойынша мамандығы:	Искалиева Айгуль Бисенбаевна – «Экономикалық кибернетика» мамандығы, екінші біліктілік санатты басшы, техника ғылымдарының магистрі (БҚО әкімдігі Білім басқармасының 2019 жылғы 7 тамыздағы №536 бұйрығымен тағайындалған)
Студент саны:	685
Оның ішінде:	685
- күндізгі бөлімде білім алады:	
- сырттай бөлімде білім алады:	0
Колледж сайты:	utks.edu.kz
E-mail:	pl2zko@mail.ru
Байланыс телефондары:	Қабылдау бөлмесі: 8 7112 233147 Директор: 8 7774266577

Оқу орны әкімшілігі туралы мәлімет:

р/с №	Аты-жөні	Лауазымы	Туған жылы	Телефондары (жұмыс, ұялы)
1	Гумирова Акмарал Ержановна	Басшының оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары м.а.	09.06.1987ж.	87021268846
2	Мамбетова Надежда Амангельдиевна	Басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары	03.02.1966ж.	87027661091
3	Ахметова Бакытгуль Сергеевна	Басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары м.а.	20.01.1977ж.	87715968177
4	Туяков Бахтияр Ашенович	Басшының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары	06.03.1962ж.	87774198562
5	Ахметова Анар Ерболовна	Бас есепші	28.06.1980ж.	87754120516
6	Габдушев Нурлыбек Мухамбетұлы	ИТ бөлім меңгерушісі	11.02.1988ж.	87759832020
7	Дарига Салимовна Жиналеева	«Қызмет көрсету» құзыреттілік орталығының меңгерушісі	15.06.1960ж.	87771820534

Колледж сайты: www.utks.kz

Колледждің әлеуметтік желілері: (INSTAGRAM)

<https://www.instagram.com/utkservis/-Instagram>

https://www.instagram.com/uralsk_college_service/

(Facebook) <https://www.facebook.com/profile.php?id=100042213346971>

Колледждің Youtueканалы:

https://www.youtube.com/channel/UCILxVnyAaUz6HhW4Inz4JKA?view_as=subscrib

Білім беру платформасы: College SmartNation (логин zko.coll.hr.10, пароль 365141)

<https://college.snation.kz/kz/zko>

2. КАДРЛЫҚ ҚҰРАМҒА ТАЛДАУ

Орал «Сервис» технологиялық колледжіндегі оқыту үдерісі жалпы білім беретін, жалпы кәсіптік, арнайы пәндер оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінен тұратын педагогикалық ұжыммен жүзеге асырылады.

Білім сапасын қамтамасыз ету мақсатында колледжде педагогикалық ұжымның кадрлық құрамын жасақтауға үлкен көңіл бөлінеді. Колледж басшылығы педагогтер құрамының қалыптасуы мен дамуының кадрлық саясатына талдау жасай отырып, біліктілік талаптары, білім беру бағдарламаланың спецификасына сәйкестілігін анықтайды. Оның негізгі бағыттары - тұлғаны жан-жақты дамытуға және педагогтердің әлеуетін ашуға қолайлы жағдай қалыптастыру.

Колледж педагогтің бос және (немесе) уақытша бос лауазымына тағайындау конкурс негізінде жүзеге асырылады. Әлеуметтік желілердің ресми аккаунттарында конкурс өткізу туралы хабарландыруды жариялап, педагогтерді жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (05.11.2022 жаңартылған) және «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Конкурс бойынша жұмысқа орналасуға конкурс комиссиясының оң қорытындысы негіз болады.

Педагогтердің құқықтары мен міндеттері қызметтік нұсқаулық пен еңбек шартында айқындалған.

Жұмысқа қабылдау, қызметтік өсу, еңбек шартын бұзу, марапаттау, тәртіптік жазалар және т.б. бойынша ағымдағы процедуралар кадр қызметі қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, қызметкерлер туралы ереже, нұсқаулық құжаттар мен басшының актілеріне сәйкес жүктеледі.

Педагогтер оқу, оқу-әдістемелік, тәрбие, оқу-өндірістік жұмыстарды атқарады.

Педагогикалық кадрлардың сандық құрамы оқу үдерісінің қажеттіліктері, нормативтік оқу жүктемесіне сәйкес және ҚР БЖҒМ бұйрықтарымен (17.06.2015 ж. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» №391 (24.11.2022 жаңартылған) белгіленген нормативтік көрсеткіштерге және штаттық кестеге сәйкес жасақталған.

Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі

Р/н	Оқу жылдары	Педагогтердің жалпы саны	Жоғары білімі бар	Қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі
1	2020-2021	85/100 %	58/68,2 %	1/2%
2	2021-2022	78/ 100 %	58/74,3 %	1/2%
3	2022-2023	73/100 %	57/78 %	1/2%

Колледжде кадр саясатына ерекше көңіл бөлініп, педагогтер өз білімдерін жетілдіріп келеді. **2020-2021 оқу жылында** 85 педагогтің 58 (68,2 %) жоғары білімдері болды. **2021-2022 оқу жылы** 78 педагогтің 58 (74,3%) жоғары білімді мамандар. **2022-2023 оқу жылында** дәріс беретін 73 педагогтің 57 жоғары білімі бар, яғни 75% құрайды. Жоғары білімі бар педагогтердің үлесі жылдан жылға өсіп келеді, яғни оң динамикасы байқалады.

Сонымен қатар, жоғары оқу орнынан кейінгі оқу бітірген педагогтердің үлесі он нәтижені көрсетіп, өсу динамикасын байқауға болады. 2020-2021 оқу жылында 2 магистр, 2021-2022 оқу жылында 1- PhD, 4 магистр, ал 2022-2023 оқу жылында 1- PhD, 11 магистр. Барлық педагогтердің базалық білімдері бар.

Қайта даярлаудан өткен педагогтердің үлесі 2020, 2021, 2022 жылдары - 2% құрады.

Сатангалиев М.Е. – Орал «Сервис» технологиялық колледжінің бастапқы әскери және технологиялық даярлығының педагог-ұйымдастырушысы. 1985-1990 жылдары Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институты «Агрономия» мамандығы бойынша тәмәмдаған. 2009 жылы қайта даярлаудан өткен. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі «Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» №338 бұйрығы 13-параграфтің 290 тармағындағы біліктілікке қойылатын талаптарға сәйкес қайта даярлығын растайтын құжаты бар. С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің офицер құрамын жетілдіру курсы - Әскери істің педагогикалық кадрлары біліктілігін жоғарылату және қайта дайындау жөніндегі оқу орталығының офицер құрамын жетілдіру курсы 2009 жылы аяқтады. («Әскери кафедралардағы педагогикалық іскерлігін ұйымдастыру» Алматы қаласы, 01.06.-13.06.2009ж., сертификат №29). Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университетінің «Дене тәрбиесі және спорт» факультетінде қашықтықтан (жеделдетілген) оқиды. II курсты тәмәмдеп 2023 жылы диплом иеленеді.

Амангелдина Балғайша Аманбайқызы – аудармашы-дактилолог, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, «Биология» мамандығы бойынша, білім бакалавры, 2015ж.; М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті біліктілікті арттыру орталығы «Дефектология мұғалімі» мамандығы бойынша кәсіби қайта даярлықтан өткен, куәлік №0080494 01.10.2017-29.06.2018ж., Қазақ саңыраулар қоғамы орталық басқармасы, Ымдау тілі аудармашыларына арналған курста оқып, ымдау тілінің аудармашысы мамандығын алған, куәлік №434, 14 желтоқсан 2016ж.

Ветрова Надежда Михайловна - аудармашы-дактилолог, Орал жұмысшы жастар №6 орта мектебінің жалпы білім беретін орта мектеп жанындағы бір жылдық педагогикалық курс, Балабақша тәрбиешісі мамандығы, куәлік А№ 104, 1987 ж., Қазақ саңыраулар қоғамы орталық басқармасы, Саңыраулар тілінің аудармашысы курсына саңыраулар тілінің аудармашысы мамандығын алған, куәлік №512, 02.04-27.06.2018 ж.

Кенесова Толганай Ахметовна - аудармашы-дактилолог, «Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ колледжі, «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы, 2021ж., Біліктілікті арттырудың қазақстандық өңіраралық орталығы, Арнайы түзету білім беру жағдайындағы мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамыту, дефектолог-сурдопедагог мамандығы, куәлік №11125, 01.03.- 26.08.2022ж.

**Лицензиат негізгі жұмыс орны болып табылатын
педагогтер (оқытушылар мен өндірістік оқыту шеберлері)
туралы мәлімет**

Р/н	Оқу жылдары	Педагогтардың жалпы саны	Оның ішінде штаттық құрамдағы	Оның ішінде қоса атқаратындар(%)
1.	2020-2021	85	82 (96,4 %)	3 (3,6%)
2.	2021-2022	78	76 (97,1%)	2 (2,9 %)
3.	2022-2023	73	68 (93,7 %)	5 (7,3 %)

2020-2021 оқу жылында жалпы 85 педагогтің 82 (96 %) штаттық құрамда болса 3 қоса атқарушы – 3,6% құрады (Ахметова З.Е.- ағылшын пәні оқытушысы, 0,5 бірлік, Спашева Н.Г.- ағылшын пәні оқытушысы, 0,5 бірлік, Ветрова Н.М.-0,5 бірлік, дактилолог), **2021-2022 оқу жылында** 78 педагогтің 76 штаттық құрамда (97,1%) құраса, 2 (2,9%) қоса атқарушы болып жұмыс жасады (Ахметова З.Е.- ағылшын пәні оқытушысы, 0,5 бірлік, Ветрова Н.М.- дактилолог, 0,5 бірлік). **2022-2023 оқу жылында** педагогтердің жалпы саны 79 (Ұлттық білім беру деректер қоры бойынша) оның ішінде 73 педагог білім алушыларға дәріс береді. Аталған оқу жылында 73 педагогтің 68-і штаттық құрамда болса, яғни (93,7%), 5 қоса атқарушы болып отыр (оның ішінде 3 оқытушы, 1- дактилолог, 1 оқыту өндірістік шебері). 3 оқытушы (Каримова А.К.- валеология пәні бойынша- 0,5 бірлік (колледжде ол пән бойынша оқытушы жоқ), Рагалиева Ж.Б. – әлеуметтік-экономикалық пәндер -0,5 бірлік, Кажгереева С.А.- кәсіптік қазақ тілі-0,5 бірлік, Ветрова Н.М.-дактилолог-1 бірлік, Құспанов С.- өндірістен тартылған өндірістік оқыту шебері- 0,5 бірлік). Жалпы педагогикалық ұжымның тұрақты құрамы байқалады.

Мамандықтар бойынша кадр құрамы

№	Мамандық коды, атауы	Педагогтар	Барлығы	PhD / магистр	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Жоғары	Педагог-сарапшы	Бірінші	Педагог-модератор	Екінші	Педагог	Санатсыз	Сапа
2020-2021 оқу жылы														
1	10130300 – Тамақ тандыруды ұйымдастыру	ЖББП	37	0/1	-	-	15	-	9	-	4	-	12	
		ӨОШ	8	0/2	-	-	2	-	4	-	1	-	-	
		Барлығы	45	0/3	-	-	17	-	13	-	5	-	10	67%
2	07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	ЖББП	42	0/1	-	-	18	-	9	-	5	-	10	
		ӨОШ	11	0/0	-	-	7	-	3	-	1	-	-	
		Барлығы	53	0/1	-	-	25		12		6		10	70%
3	10120100 «Шаштараз өнері»	ЖББП	39	0/1	-	-	14	-	8	-	6	-	11	
		ӨОШ	12	-	-	-	1	-	1	-	3	-	7	
		Барлығы	51	-	-	-	15	-	9	-	9	-	18	47%
2021-2022 оқу жылы														
4	10130300 – Тамақ тандыруды ұйымдастыру	ЖББП	36	1/2	1	5	10	2	3	1	5	-	9	
		ӨОШ	10	0/2	-	1	3	-	5	-	1	-	-	
		Барлығы	46	1/4	1	6	13	2	8	1	6	-	9	65.2%
5	07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	ЖББП	35	0/1	1	5	10	2	3	1	4	-	9	
		ӨОШ	12	0/0	-	2	5	1	4	-	-	-	-	
		Барлығы	47	0/1	1	7	15	3	7	1	4		9	70%

6	10120100 «Шаштараз өнері»	ЖББП	37	0/1	1	4	8	2	3	1	5	-	13		
		ӨОШ	10	0/0	-	1	-	-	-	-	-	3	-	6	
		Барлығы	47	0/1	1	5	8	2	3	1	8	-	19	40%	
2022-2023 оқу жылы															
7	10130300 – Тамақ тандыруды ұйымдас тыру	ЖББП	39	1/2	1	6	9	4	4	2	2	2	6		
		ӨОШ	8	0/2	-	2	3	1	1	-	-	-	-		
		Барлығы	47	1/4	1	8	12	5	5	2	2	2	6	76%	
8	07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	ЖББП	35	0/3	1	5	8	3	3	1	2	2	7		
		ӨОШ	9	-	-	2	3	1	3	-	-	-	-		
		Барлығы	44	0/3	1	7	11	4	6	1	2	2	7	73%	
9	10120100 «Шаштараз өнері»	ЖББП	34	0/3	1	4	7	3	3	1	1	2	9		
		ӨОШ	8	0/1	-	1	1	1	-	1	1	-	2		
		Барлығы	42	0/4	1	5	8	4	3	2	2	2	11	59,5%	

Біліктілік санатының деңгейін үш жылда бір реттен сиретпей арттырған басшы және орынбасарлар туралы мәлімет.

Искалиева Айгуль Бисенбаевна – Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, «Үздік педагог-2019» республикалық байқауының жеңімпазы, техника ғылымдарының магистрі. Орал «Сервис» технологиялық колледжінің басшысы болып 2019 жылы тағайындалды. 2020 жылдың БҚО Білім басқармасы басшысының 2020 жылдың 31 желтоқсандағы №735 бұйрығымен А.Б. Искалиеваға II санатты басшы біліктілігі берілді.

Н.А.Мамбетова – басшының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары, БҚО Білім басқармасы басшысының 2021 жылдың 07 шілдесіндегі №478 бұйрығына сәйкес II санатты басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары біліктілігі берілді.

М.С.Нурмукашова – басшының тәрбие жұмысының орынбасары (2020-2022 жыл 4 қаңтарға дейін), БҚО Білім басқармасы басшысының 2021 жылдың 07 шілдесіндегі №478 бұйрығына сәйкес I санатты басшының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары біліктілігі берілді.

Н.М.Габдушев – басшының ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары (2018 - 2021 жылы желтоқсан, 2022 жылы I қаңтардан меңгеруші), БҚО Білім басқармасы басшысының 2021 жылдың 07 шілдесіндегі №478 бұйрығына сәйкес II санатты басшының ақпараттық технологиялар ісі жөніндегі орынбасары біліктілігі берілді.

Кемінде 5 жылда педагогтердің біліктілік санатының деңгейін жоғарлату/ растау туралы, оның ішінде магистр дәрежесі, философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар педагогтер туралы мәліметтер:

2020-2021 оқу жылында педагогтердің сандық-сапалық құрамы

2020-2021 оқу жылына педагог қызметкерлерді аттестаттаудан өткізудің бес жылдық болжамдық жоспары және педагог қызметкерлерді аттестаттауға дайындау мен өткізудің жылдық жоспары жүзеге асырылды.

2020-2021 жылының басында сандық-сапалық құрамы (01.09.2020 жағдайында)

Педагогтер	Барлығы (саны)	Жоғары санат	Бірінші санат	Екінші санат	Санатсыз	Магистр
Оқытушылар	52	23	11	5	13	1
ӨОШ	33	11	9	5	8	2
Барлығы	85	34	20	10	21	3
Сапалық құрам – 65% магистрлерді қоса алғанда						

2020-2021 оқу жылы біліктілік санаттарын жоғарылатқан (растаған) педагогтер

№	Педагогтің аты -жөні	Лауазымы	Иеленген біліктілік санатының бұйрығы
Педагог-шебер			
1.	Султанов А.Т.	Қазақ тілі және әдебиеті оқытушысы (растау)	БҚО ББ 31.12.2020 ж. №733
Педагог-зерттеуші			
2.	Досали Л.К.	Қазақ тілі мен әдебиеті оқытушысы (жоғарлату)	БҚО ББ 31.12.2020 ж. №733
3.	Тасболатова Ш.Г	Қазақ тілі мен әдебиеті	БҚО ББ 31.12.2020 ж.

		оқытушысы (жоғарлату)	№733
4.	Бактығалиева Н.Ж	«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша арнайы пән оқытушы (жоғарлату)	БҚО ББ 31.12.2020 ж. №733
5.	Савонина Л.В.	«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша арнайы пән оқытушы. (растау)	БҚО ББ 31.12.2020 ж. №733
6.	Мукатаева А.Ж.	«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	БҚО ББ 31.12.2020 ж. №733
7.	Тагибергена Гульнара Раяновна	«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері(растау)	БҚО ББ 31.12.2020 ж. №733
8.	Уразова Гулайпаш Калешовна	«Шаштараз өнері» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	БҚО ББ 31.12.2020 ж. №733
9.	Харисова Анара Ахметовна	«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	БҚО ББ 31.12.2020 ж. №733
Педагог-сарапшы			
10.	Ақдаулетова Айнур Кадырбековна	Ағылшын тілі пәні оқытушысы (растау)	БҚО ББ 31.12.2020 ж. №733
11.	Сатанғалиев Малик Ермекович	АӘД оқытушы (жоғарлату)	БҚО ББ 31.12.2020 ж. №733
12.	Давлетова Жаныл Аманжоловна	«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	БҚО ББ 31.12.2020 ж. №733
13.	Жаксыбаева Арайлым Талаповна	«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	БҚО ББ 31.12.2020 ж. №733
Педагог-модератор			
14.	Шәмшенова Ж.Е.	Әлеуметтік педагог (жоғарлату)	Орал «Сервис» технологиялық колледжі 23.06.2021 ж. №100
15.	Джакупова Р.Г.	Тәрбиеші (жоғарлату)	Орал «Сервис» технологиялық колледжі 23.06.2021 ж. №100

01.01.2021 жағдайындағы педагогтердің сандық-сапалық құрамының өзгерісі

Педагогтер	Барлығы (саны)	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Жоғары	Педагог-сарапшы	Бірінші	Педагог-модератор	Екінші	Санатсыз	Магистр
Оқытушылар	52	1	4	21	2	7	-	4	13	1
ӨОШ	33	-	4	10	2	6	-	3	8	2
Барлығы	85	1	8	31	4	13	-	7	21	3
Сапалық құрам – 67%										

**2021-2022 оқу жылының басында сандық-сапалық құрамы
(01.09.2021 жағдайында)**

Педагогтер	Барлығы (саны)	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Жоғары	Педагог-сарапшы	Бірінші	Педагог-модератор	Екінші	Санатсыз	PhD/Магистр
Оқытушылар	47	1	6	13	2	4	1	7	13	1/1
ӨОШ	32	-	4	8	1	9	-	4	6	3
Барлығы	79	1	10	21	3	13	1	11	19	1/4
Сапалық құрам – 61%										

2021-2022 оқу жылында 13 педагог біліктілік санаттарын растап, көтерді.

2021-2022 оқу жылы біліктілік санаттарын жоғарылатқан (растаған) педагогтер туралы мәлімет

№	Педагогтің аты - жөні	Лауазымы	Иеленген біліктілік санатының бұйрығы
Педагог-шебер			
1.	Джумагазиев Ж.А.	Дене тәрбиесі пәні оқытушы (растау)	БҚО ББ 24.12.2021 ж. № 933
Педагог-зерттеуші			
2.	Турежанова М.Б.	Орыс тілі мен әдебиеті оқытушысы (растау)	БҚО ББ 07.07.2021 №477
3.	Китарова Ж.К.	«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша арнайы пән оқытушы (растау)	БҚО ББ 24.12.2021 ж. № 933
4.	Курмангалиева Р.М.	«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	БҚО ББ 24.12.2021 ж. № 933
5.	Скендинова М.М.	«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	БҚО ББ 24.12.2021 ж. № 933
Педагог-сарапшы			

5.	Маметанова С.К.	Орыс тілі мен әдебиеті оқытушысы (жоғарлату)	БҚО ББ 24.12. 2021 ж. № 933
6.	Галиева К.К.	«Шаштараз өнері» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	БҚО ББ 24.12. 2021 ж. № 933
7.	Жаксыбаева А. Т.	«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша арнайы пән оқытушы (жоғарлату)	БҚО ББ 24.12. 2021 ж. № 933
8.	Жаленова З.Р.	«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	БҚО ББ 24.12. 2021 ж. № 933
9.	Қадыржан Б. Қ.	«Шаштараз өнері» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	БҚО ББ 24.12. 2021 ж. № 933
Педагог-модератор			
10.	Антонов А.А.	«Шаштараз өнері» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері(жоғарлату)	Орал «Сервис» технологиялық колледжі 07.12.2021ж
11.	Ахметова А. К.	«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша арнайы пән оқытушы (жоғарлату)	Орал «Сервис» технологиялық колледжі 14.12.2021 ж. №168
12.	Амангалиева А.З.	«Шаштараз өнері» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	Орал «Сервис» технологиялық колледжі 14.12.2021 ж. №168
13.	Сержанова М.Е.	«Шаштараз өнері» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	Орал «Сервис» технологиялық колледжі 14.12.2021 ж. №168

01.01.2022 ж. жағдайында педагогтердің сандық-сапалық құрамының өзгерісі

Педагогтер	Барлығы (саны)	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Жоғары	Педагог-сарапшы	Бірінші	Педагог-модератор	Екінші	Санатсыз	PhD/магистр
Оқытушылар	47	2	8	11	4	7	2	5	7	1/1
ӨОШ	31	-	6	9	4	6	3	1	3	3
Барлығы	78	2	14	20	8	13	5	6	10	1/4
Сапалық құрам – 74,3%										

**2022-2023 оқу жылында дәріс беретін педагогтердің саны
(01.09.2022 ж, жағдайында)**

Педагогтер	Барлығы (саны)	Педагог-шебер	Педагог-зерттеуші	Жоғары	Педагог-сарапшы	Бірінші	Педагог-модератор	Екінші	Санатсыз/педаг	PhD/магистр
------------	----------------	---------------	-------------------	--------	-----------------	---------	-------------------	--------	----------------	-------------

			ші		ы		ратор		ог	
Оқытушылар	48	1	7	11	4	10	1	2	10/2	1/8
ӨОШ	25	-	5	7	3	6	1	1	2	3
Барлығы	73	1	12	18	7	16	2	3	12/2	1/11
Сапалық құрам – 74% магистрлерді қоса алғанда										

2022-2023 оқу жылыда педагогтердің біліктілік санаттарын жоғарлату (растау) туралы берген өтініштері туралы мәлімет

№	Педагогтің аты -жөні	Лауазымы	Қолданыстағы біліктілік санаты
Педагог-зерттеуші			
1.	Мамбетова Н.А.	Ағылшын тілі оқытушысы (растау)	Жоғары, БҚО ББ 14.06.2017 ж. №513
2.	Давлетова Г.М.	«Шаштараз өнері» мамандығы бойынша арнайы пән оқытушы (растау)	Жоғары, БҚО ББ 14.06.2017 ж. №513
Педагог-сарапшы			
3.	Есполаева Г. О.	Ағылшын тілі пәні оқытушысы (растау)	Бірінші, БҚО ББ 14.06.2017 ж. № 511
Педагог-зерттеуші			
4.	Егорова О.Е.	«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (растау)	Жоғары, БҚО ББ 30.03.2018 ж. №255
5.	Лукашова И.Г.	«Шаштараз өнері» мамандығы бойынша арнайы пән оқытушы (растау)	Жоғары, БҚО ББ 30.03.2018 ж. №255
6.	Масалиева К.А.	Тарих пәні оқытушысы (растау)	Жоғары, БҚО ББ 30.03.2018 ж. №255
7.	Муратова Г.Е.	«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша арнайы пән оқытушы (растау)	Жоғары, БҚО ББ 30.03.2018 ж. №255
8.	Избасова М.	«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша арнайы пән оқытушы (растау)	Жоғары, БҚО ББ 30.03.2018 ж. №255
9.	Кажмулдина Н.С.	«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (жоғарлату)	Бірінші, БҚО ББ 30.03.2018 ж. №256
Педагог-сарапшы			
10.	Давлетова Ж. А.	«Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандығы бойынша арнайы пән оқытушысы (жоғарлату)	Екінші, Орал «Сервис» технологиялық колледжі 06.06.2018 ж. №61
11.	Бапенова Ж.О.	Физика және информатика пәні оқытушысы (растау)	Бірінші, БҚО ББ 30.03.2018 ж. №256

12.	Тималиева М.А.	«Шаштараз өнері» мамандығы бойынша арнайы пән оқытушы (жоғарлату)	Екінші, Орал технологиялық колледжі 13.06.2018ж.№69-ж
Педагог-модератор			
13.	Муратова Ж.Р.	Математика пәні оқытушысы (жоғарлату)	Санатсыз
Педагог-зерттеуші (мерзімінен бұрын)			
14.	Бурковская Н.Д.	Математика пәні оқытушысы (растау)	Жоғары, БҚО ББ 03.04.2019 ж. №223
15.	Кунашев Н.М.	Физика және информатика пәні оқытушысы (растау)	Жоғары, БҚО ББ 03.04.2019 ж. №223
Педагог- сарапшы (мерзімінен бұрын)			
16.	Отегенов О.Р.	«Шаштараз өнері» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері(жоғарлату)	Екінші, Орал «Сервис» технологиялық колледжі 01.04.2019 ж. №33

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы №15-03/1635-И хатына және БҚО Білім басқармасының 2022 жылғы 6 желтоқсандағы №1-14/6058 хатына сәйкес ҚР БЖҒ министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне байланысты аттестаттау кезеңі 2023 жылғы қаңтар-мамырға ауыстырылуына орай, 2023 жылғы 1 қыркүйекке дейін мерзімі аяқталған педагогтердің: Г.Давлетова, Н.Мамбетова, Г.Есполаеваның қолданыстағы біліктілік санатын сақтауға шешім қабылданды (бұйрық №161-н/қ 2022 жылғы 29 желтоқсан), яғни 2022-2023 оқу жылында педагогтер біліктілік санатына байланысты тест өткен жоқ.

Жоғары оқу орнынан кейінгі оқу бітірген педагогтердің үлесі оң нәтижені көрсетіп, өсу динамикасын көрсетіп отыр. 2020-2021 оқу жылында 3 магистр, 2021-2022 оқу жылында 1- PhD, 4 магистр, ал 2022-2023 оқу жылында 1- Ph D, 11 магистр жұмыс жасап жатыр және 2 педагог магистратурада оқиды.

**Орал «Сервис» технологиялық колледжінің 2022-2023 оқу жылындағы
PhD докторы мен магистрлар тізімі
PhD**

№	Аты –жөні	Лауазымы	Бітіретін оқу орны	Мамандығы	Ғылыми дәрежесі
1.	Ахметова Асель Куттбаевна	Арнайы пән оқытушысы	Жәңгір хан атындағы БҚАТУ	Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы	Философия докторы (PhD), 2017

Магистрлер

№	Аты –жөні		Бітіретін оқу орны	Мамандығы	Ғылыми дәрежесі
Әкімшілік					
1.	Искалиева Айгуль	Басшы	БҚ инженерлік – гуманитарлық	Ақпараттық жүйелер	Техника ғылымдарының

	Бисенбаевна		университеті		магистрі, 2015
2.	Ахметова Бакытгуль Сергеевна	Басшының ТІЖ орынбасары	Қазақстан инновациялық және телекоммуникациял ық жүйелер университеті	Ақпараттық жүйелер	Техника ғылымдарының магистрі, 2017
Педагогтер					
1.	Ақдаулетова Айнур Кадырбековна	Шетел тілі оқытушысы	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, 2022.	«Шетел тілі: екі шет тілі»	Педагогика ғылымдарының магистрі, 2022
2.	Бисембаева Тогжан Шамардановна	Химия пәні оқытушысы	М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, 2013	Экология	Жаратылыс ғылымдары магистрі, 2013
3.	Досали Ляззат Кенжигалиевна	Қазақ тілі мен әдебиеті пәні оқытушысы	М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, 2022 ж.	Қазақ тілі мен әдебиеті	Педагогика ғылымдарының магистрі, 2022
4.	Рағалиева Жания Болатовна	Экономика пәні оқытушысы	БҚ инженерлік – гуманитарлық университеті	Экономика	Экономика ғылымдарының магистрі, 2014
5.	Тималиева Мансия Абулхалыковна	«Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығы бойынша арнайы пән оқытушысы	Алматы гуманитарлы- экономикалық университеті, 2022 ж..	Кәсіптік оқыту	Педагогика ғылымдарының магистрі, 2022
6.	Жаксыбаева Арайлым Талаповна	«Тамақтанды руды ұйымдастыру » мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері	Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2017	Тағам қауіпсіздігі	Техника және технологиялар магистрі, 2017
7.	Зайткалиева Айнагул Аманкелдиевна	«Тамақтанды руды ұйымдастыру » мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері	Жәңгір хан атындағы БҚАТУ, 2014	Тағам қауіпсіздігі	Техникалық ғылымдар магистрі, 2014
8.	Мукатаева Алмагул	«Тамақтанды руды	Жәңгір хан атындағы	Тағам қауіпсіздігі	Техника және технологиялар

	Жанбулатовна	ұйымдастыру » мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері	БҚАТУ, 2017		магистрі, 2017
9.	Сержанова Мейрамгуль Ержановна	«Шаштараз өнері және сәндік косметика» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері	Алматы гуманитарлы- экономикалық университеті, 2022 ж.	Кәсіптік оқыту	Педагогика ғылымдарының магистрі, 2022

Өз білімін жетілдірген оқытушылардың соңғы 3 жылда өсу динамикасы байқалады. Жалпы білім беретін пәндердің оқытушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша өз пәндерінен біліктілікті арттыру курстарынан толықтай өтті. Сонымен қатар басшы кадрлар да курстардан толық өтті.

2020-2021 оқу жылында 100% педагогтер толық әр-түрлі курстардан өтті. Әсіресе қашықтықтан оқытуға байланысты пандемияның кезінде, заман талабына сай педагогтердің ІТ-қүзіреттіліктерін дамыту және жетілдіру мақсатында «Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығының, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ұйымдастырумен онлайн курстардан барлық педагогтер өтті. 2020-2021 жылдан бастап колледждерде жаңартылған білім мазмұны енгізілді, осыған орай кезең кезеңмен жалпы білім беретін пәндер педагогтері БҚО Білім Басқармасы Білім беруді дамыту орталығы, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» ұйымдастырған біліктілікті арттыру курстарынан толықтай өтті. Султанов А., Турежанова М., Батыргалиева А. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында аймақтық тренерлер ретінде курстар өткізді.

2021-2022 оқу жылы 69 педагог-165 курстан өтсе, 2022-2023 оқу жылының І жартыжылдығында 19 педагог-23 курстан өтті.

№	Жылы	Курстан өткен педагогтердің саны	Курстан өткен әкімшілік саны
1.	2020-2021 оқу жылы	74 педагог -231 курс	11 педагог -38 курс
2.	2021-2022 оқу жылы	69 педагог - 165 курс	9 педагог - 18 курс
3.	2022-2023 оқу жылы	15 педагог – 17 курс	4 педагог – 6 курс

Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес соңғы үш жылда кадрлардың біліктілік арттырудан және қайта даярлаудан өткені туралы мәліметтер

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	Тақырыптың атауы	Оқыған орны мен кезеңі	Оқыған ұйымның атауы	Сағаттар саны және жұмыс өтілі	Аяқталу нысаны
1	2	3	4	5	6	7
1	Искалиева Айгуль Бисенбаевна	«ТжКББҰ инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың психологиялық-педагогикалық негіздері»	Орал қ., 24 - 28.02.2020	ҚР БжҒМ «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ	40 сағ 19 жыл	Сертификат №0349749
		«Кәсіпкерлік қызмет негіздері» курсы оқытушысының кәсіби құзыреттілігін дамытуда ТжКББ ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері үшін біліктілікті арттыру курсынан өткендігі туралы	Орал қ., 06.2020	ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы «Атамекен»	80 сағ. 19 жыл	Сертификат №000231
		«Педагогтердің ІТ-құзіреттіліктерін дамыту және жетілдіру»	онлайн 07.08.2020	«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы	36 сағ. 19 жыл	Сертификат №05612
		«Модели инклюзивного образования в зарубежных странах»	онлайн 20.11- 30.11.2020	EDU TRAVEL culture eeducation technology Республика Беларусь	72 сағ. 19 жыл	Сертификат №00799
		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудегі менеджмент	Онлайн 7-25.06.2021	«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы	72 сағ 19 жыл	Сертификат №0704
		«Перде пішу, тігу, дизайнерлеу және компьютерлік модельдеу»	онлайн Орал қ., наурыз –	«Shabyt» оқу орталығы	204 сағат 20 жыл	Сертификат № 01

			маусым, 2021			
		«Born Nomad «Қолөнер бренді және өнім» атты оқу курсы»	онлайн Орал қ., 16.- 29.08.2021	«Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының қолдауымен және АІКА АЛЕМІ-мен бірлескен ұйымдастырылған	20 жыл	Сертификат № 6914
		«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын трансформациялау процесіндегі басшының ролі: халықаралық тәжірибе» («Жас маман» жобасы шеңберінде)	онлайн 06.09.- 29.09.2021	«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы	135 сағ. 21 жыл	Сертификат № 29732
		«Білім берудегі менеджмент»	Ақтөбе қ., 11.04.- 22.04.2022	«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.	72 сағат 21 жыл	Сертификат № 22Б 021
		Международная онлайн стажировка «Инклюзивное профессиональное образование: современный взгляд и подходы»	Онлайн 09.12.- 20.12.2022	SKLAD online educational platform ICET	72 сағ. 21 жыл	Сертификат № 00707
2.	Гумирова Акмарал Ержановна	«Международные практики профессионального образования»	онлайн 15.06 – 29.06.2020	Агенство Международных Образовательных программ EDUTravel/ Образовательная онлайн платформаSKLAD	24 сағ. 14 жыл	Сертификат № 01182
		«Қашықтан оқытуды үйренемін»	онлайн 10.08.2020	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	40 сағ. 14 жыл	Сертификат №604037

		«Педагогтердің ІТ-күзiреттiлiктерiн дамыту және жетiлдiру»	онлайн 11.08.2020	«Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу- тренингтік орталығы	36 сағ. 14 жыл	Сертификат № 05578
		«WorldSkills стандарттары бойынша аймақтық чемпионаттарды ұйымдастыру және өткізу процесінің негізгі апектілері»	Орал қ., 17.08. - 28.08.2020	«Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы	72 сағ. 14 жыл	Сертификат № 2084
		«Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту»	онлайн 15.09.2021	ҚР Білім және ғылым министрлігінің www.edu.kz платформа сында	- 15 жыл	№101464
		«Білікті кадрларды даярлауда халықаралық тәжірибені ескере отырып, педагогтердің кәсіби дамуы» («Жас маман» жобасы шеңберінде)	онлайн 04.10.2021- 27.10.2021	«Талар» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы	135 сағат 15 жыл	Сертификат № 30534
		2 модуль курса «Лидер на рабочем месте»	Атырау қ., 28.03.2022	«APEC Training Center» ЖШС	15 жыл	Сертификат ATC-105- 003631
3.	Мамбетова Надежда Амангельдиевна	«ТЖКББҰ инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың психологиялық педагогикалық негіздері»	Орал қ., 17- 21.02.2020	ҚР БЖҒМ «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ	40 сағ 36 жыл	Сертификат №0349492
		«ҚР ББ мазмұның жаңарту жағдайында ағылшын тілі пәні мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту»	Орал қ., 13.03.2020	ҚР БЖҒМ «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ	80 сағ. 36 жыл	Сертификат №0349879
		«Международные практики профессионального образования»	онлайн 15.06 – 29.06.2020	Агенство Международных Образовательных	24 сағ. 36 жыл	Сертификат №01186

				программ EDUTravel/ Образовательная онлайн платформаSKLAD		
		«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы қашықтықтан оқыту: контентін құрудан бастап оқу процесін ұйымдастыруға дейін» қашықтықтан біліктілік арттыру курсы	онлайн 18.08.2020	«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы	36 сағ. 36 жыл	Сертификат №19033
		«Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру»	онлайн 18.08.2020	«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы	36 сағ. 36 жыл	Сертификат № 19393
		Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудегі менеджмент	Онлайн 7-25.06.2021	«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу- тренингтікорталығы	72 сағ 36 жыл	Сертификат №0711
		«Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту»	онлайн 29.09.2021	ҚР Білім және ғылым министрлігінің www.edu.kz платформа сында	- 37 жыл	Сертификат № 238562
		«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын трансформациялау процесіндегі басшының ролі: халықаралық тәжірибе» («Жас маман» жобасы шеңберінде)	онлайн 06.09.2021- 29.09.2021	«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы	135 сағ. 37 жыл	Сертификат № 29737
4.	Ахметова Бакытгуль	«Педагогтердің IT- қүзіреттіліктерін дамыту және	онлайн 11.08.2020	«Talar» коммерциялық емес	36 сағ. 12 жыл	Сертификат № 05952

	Сергеевна	жетілдіру»		акционерлік қоғамы. Оқу- тренингтік орталығы		
		«Білім беру саласындағы менеджмент»	Нұр-Сұлтан қ., 22.02.- 27.02.2021	«BILIM- ORKENIETI» Республикалық Қазақстан педагогтарының біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығы	80 сағ. 13 жыл	Сертификат № 0034
		«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын трансформациялау процесіндегі басшының ролі: халықаралық тәжірибе» («Жас маман» жобасы шеңберінде)	Орал қ., 06.09.2021- 29.09.2021	«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы	135 сағ. 13 жыл	Сертификат № 29723
		«Білім берудегі менеджмент»	Ақтөбе қ., 11.04.- 22.04.2022	«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.	72 сағат 14 жыл	Сертификат № 22Б 006
5.	Жиналеева Дарига Салимовна	«ТЖКББҰ инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың психологиялық педагогикалық негіздері»	Орал қ., 17- 21.02.2020	ҚР БЖҒМ «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ	40 сағ 41 жыл	Сертификат № 0349486
		«Педагогтердің ІТ-күзінеттіліктерін дамыту және жетілдіру»	онлайн 10.08.2020	«Talar» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Оқу-тренингтік орталығы	36 сағ. 41 жыл	Сертификат № 905147
		«Қашықтан оқытуды үйренемін»	онлайн 27.08.2020	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ	40 сағ. 41 жыл	Сертификат №749858
6.	Сатангалиев Малик Ермекович	«Онлайн-технологии в обучении»	онлайн 22.07.2020	Национальный исследовательский Томский	- 18 жыл	Сертификат №393827

